

**Шымкент қаласы білім басқармасының
«Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы» КММ**

**Педагогті «Әлеуметтік педагог» лауазымына тағайындау жөніндегі
конкурстық комиссия отырысының №4 хаттамасы**

Күні: 17.10.2025ж.

Шымкент қ.

Қатысқаны:5

Қатыспағаны:1

Күн тәртібінде:

1. «Әлеуметтік педагог» лауазымына үміткерлердің құжатының біліктілік талапқа сәйкестігін қарау;
2. Бағалау парағына сәйкес кандидаттың жинақтық бағасын санау.

Тыңдалды:

1. Байдерова Э.А. – комиссия төрағасы

Әлеуметтік педагог лауазымына 1 бірліктегі бос орынға конкурс жарияланғанын және осы бос орынға екі үміткерлер өтініш бергенін айтты. Олар: 1) 26.10.1995 ж.т. Тұрғынбай Алмаян Бейсенбекқызы Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетін 2023 жылы «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығымен бітірген, педагогикалық еңбек өтілі жоқ;

2) 17.12.1990 жылы туылған Хохаева Гаухар Маратовна Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетін 2025 жылы «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығымен бакалавр дәрежесін алған, қазіргі таңда №2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп-интернатының мұғалімі. Комиссия мүшелерінен жоғарыда аталған үміткерлердің құжаттарын қарауды өтінді.

2. Джуманиязова А – комиссия мүшесі

Конкурсқа қатысуға үміткердің құжаттары тексеріліп, "Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 362 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 486 бірлескен бұйрығының 3-тарауы, 18-қосымшасына сәйкес үміткердің ұпайы шығарылды. Бағалау нәтижесі төмендегідей: